ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 ақпан №4360-25-00-2/80 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқықығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Чупапи» атауымен әрекет етуші Халықов Ақжол Мақсатұлы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрасыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқықығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Чупапи» атауымен әрекет етуші Халықов Ақжол Мақсатұлы жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Чупапи» атауымен әрекет етуші Халықов Ақжол Мақсатұлы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Чупапи» атауымен әрекет етуші Халықов Ақжол Мақсатұлы жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылордажылуэлектрорталығы» шаруашылық жүргізу құқықығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 2 394 (екі мың үш жүз тоқсан төрт) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 72 (жетпіс екі) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.03.2025, судья Бержанов К. М., 28.03.2025
4360-25-3-1/6

Жауапкер «Чупапи» атауымен әрекет етуші Халықов Ақжол Мақсатұлы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 17.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.03.2025, судья Бержанов К. М., 28.03.2025